

2 секция

БҮКІЛӘЛЕМ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ТАРИХНАМАСЫНЫҢ, ДЕРЕКТАНУЫНЫҢ ӨЗЕКТИ МӘСЕЛелЕРІ

Секция 2

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ИСТОРИОГРАФИИ, ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЯ И МЕТОДОВ ИССЛЕДОВАНИЯ ВСЕМИРНОЙ ИСТОРИИ И МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ

НАПОЛЕОН СОҒЫСТАРЫ ДӘУІРІНДЕГІ ФРАНЦИЯ-РЕСЕЙ ҚАТЫНАСТАРЫ: ТАРИХНАМА МӘСЕЛЕСІ

Аймахов Е.Н., т.м., аға оқытушы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды қ.

Адамзат тарихында үлкен өзгерістер жасаған тарихи тұлғалар мен сол тұлғалар өмір сүрген тарихи кезеңдерді уақыт өзенінің сарыны бізден алшақтатқан сайын оған деген адам баласының қызығушылығы одан әрі арта түседі. Сол тұлғалардың бірі қайсарлығы мен әрі шебер стратег, қолбасшы қасиетінің арқасында 25 жасында генерал шеніне ие болған, француз буржуазиялық революциясының принциптері мен жетістіктерін жалғастыру жолында Еуропада абсолюттік монарх билігін (лигитилизм) сақтап қалуды мақсат еткен Еуропаның феодалдық-монархтары және Англияның буржуазиялық монархтары тарапынан қарсылық көріп, олардың Францияға қарсы құрған әскери-саяси коалицияларымен соғыстарды басынан кешірген, Еуропада халықаралық қатынастар жүйесіне өзгерістер енгізген Наполеон Бонапарт болды. Бұл тарихи тұлға жалпы ХІХ ғасыр басында Еуропа тарихында жаңа прогрессивті кезеңнің басталуының басты себепкері болды.

Наполеон бейнесі мен оның билік еткен дәуіріне арналып жазылған еңбектер қазіргі кезеңде мыңдап саналады. Белгілі тарихшы Е.В.Тарле наполеондық тарихнама өзінің көлемі жағынан ғажайып деп пікірін айтады [1]. Шынында да, адам тарихында өз бейнесіне соншалықты көңіл аудартқан адам аз. Әр кезеңде Наполеон тарихнамасының көлемі жөнінде тарихшылар әртүрлі мәлімет беріп келді. Мысалы, орыс тарихшысы белгілі жазушы Д.С.Мережковский [2] Наполеон тарихы жөнінде 40 мың еңбек жазылды десе, чех дипломаты, тарихшы Я.Шедеви [3, 16-17] библиографияда Наполеон жөнінде 200 мың еңбек жарияланған деп мәлімет берсе, Ресей тарихнамасында 1812 ж. Отан тарихының белгілі маманы Н.А.Троицкий [4] Наполеон жөнінде қазір 400 мың еңбек жазылған дейді.

Алайда, Наполеонның әлемдегі атақты биографы әйгілі Стендал өзінің “Наполеон өмірі” еңбегінің [5] алғы сөзінде жазғандай: “Наполеон жөнінде әр адамның өзіндік көзқарасы болғандықтан, бұл өмірбаян ешқашанда бәрін толығымен қанағаттандыра алмайды...”. Шындығында да мындаған еңбектер сол дәуірдің мазмұнын түсінуден көрі, оны тұмандатып жіберді. Ресей тарихнамасында Наполеон тұлғасы мен қатар сол дәуірдегі Франция-Ресей қатынастары да әлі күнге дейін объективті ғылыми баға берілмеген мәселелердің бірі.

Ресей-Франция қатынастар тарихы ішінде 1800-1812 жж., яғни Наполеон соғыстары дәуіріндегі екі ел арасындағы қатынастар тарихы күрделі әрі сан қилы тұрғыдан жазылған проблема.

Ресей-Франция қатынастары 1800-1812 жылдар аралығында бірнеше кезеңнен өтті:

1801 жылы Парижде екі ел арасындағы даулы мәселелерді дипломатиялық жолмен реттеу;

1805-1807 жылдар аралығындағы соғыстар;

1807 жылы Тильзиттегі жаңа дипломатиялық келісім;

1812 жылғы соғыс.

Бұл қатынастардың негізгі мазмұны Ресейдің абсолюттік феодалдық билігінің Батыс Еуропадағы Францияның буржуазиялық революциясы жасаған өзгерістермен келіспеуі. Франциядағы буржуазиялық революция тек Франция тағындағы абсолюттік билікке ғана емес, бүкіл Еуропадағы ескі тәртіпке қауіп төндірді. Ресей Екатерина II-ші билік тұсында басқа Еуропалық державалармен француз революциясын тұншықтыруға белсене қатысты. Бұл

Еуропадағы ескі феодалдық, абсолюттік тәртіп және революция нәтижесінде қалыптасқан жаңа буржуазиялық жүйе арасындағы күрес.

Ресей мен Франция арасындағы дипломатиялық сайыс пен 1812 жылғы соғыс әр кезеңнің талабына сай әртүрлі көзқараста жазылды. Сондықтан бұл тарихтың тарихнамасының қыры мен сыры мол, ішкі қайшылықтарға толы проблема. Себебі екі жүз жылдан астам уақытты алып жатқан бұл тақырыптың тарихнамасы екі үлкен кезеңнен өтті, бірінші, революцияға дейінгі орыс дворяндық, буржуазиялық тарихшылардың еңбектері және екінші кезең кеңес дәуіріндегі бұл тақырыптың зерттелуі күрделі өзгерістерге ұшырау кезеңі.

Революцияға дейінгі тарихнама өзінің құндылығымен маңызды. Ресейге жорыққа қатысқан Стендальдың [6] еңбегі, Наполеонның бұрықтары мен ережелері, хаттары мен өмірінің соңғы жылдарында Әулие Елена [7] аралында Лас-Казға жаздыртқан естеліктері, Франция сыртқы істер министрі болған Ш.М. Талейранның [8] мемуары, мұнда шебер дипломат ескі режим, Ұлы революция, империя және реставрация кезеңдеріндегі сыртқы істер министрлігі басқарған кезеңінен естелігі мен сол жылдардағы халықаралық қатынастарының сыры мен қырын жазады. Оның Австралиялық әріптесі дипломатиялық айлакерлігі француз әріптесінен кем емес К.Меттерних мемуары [9], Александр I-дің құпия хаттары [10], атақты орыс қолбасшысы М.И. Кутузовтың хаттары мен естеліктері [11], 1812 ж. Отан соғысының атақты партизаны Д.В. Давыдовтың соғыс туралы қолжазбалары [12], генерал Багратионның естеліктері [13], Отан соғысының белгілі қолбасшысы генерал А.П. Ермоловтың қолжазбалары [14], ақын-декабрист, публицист, XIX ғ. бірінші жартысындағы қоғам қайраткері Ф.Н. Глинканың [15] еңбектерінде 1805-1806 жылдардағы шетел жорықтары баяндалады. Глинка өмірінде 1812 ж. Отан соғысы ерекше орын алды. Оның “Письма русского офицера” естелік қолжазбасында Смоленск күйреуі бейнеленген. Глинка алғашқы болып Бородино шайқасының очергін жазды. Ол соғыстың басынан, орыс армиясының шегінуінен, аяғына дейін 1813-1814 жж. шет ел жорықтарына қатысты. Александр I-дің жақын досы болған үкіметте жоғары министрліктерді басқарған, ресей саясатында өзіндік роль атқарған көрнекті мемлекет қызметкері князь Адам Чарторыжскийдің мемуары [16] революцияға дейінгі тарихнамада өзіндік орын алады. Оның мемуары XVIII ғ. аяғы XIX ғ.

басындағы елді басқарған тұлғалар жөнінде қызықты мәліметтер береді, әсіресе Александр І-ші туралы, оның мінез-құлқы туралы пікірлері жазылған. Осы тұлғалардың естеліктері сол заманның тарихы болды. Осы естеліктер, мемуарлар мен соғыс туралы қолжазбалармен қатар 1812 ж. Отан соғысының тарихнамасында мерзімдік басылымдардың ролі де ерекше болды. Тек бір ғана белгілі “Русская старина” журналында [17, 14-29] 1870 жылдан 1900 ж. аралығында өз беттерінде Наполеондық соғыстарға қатысты 349 құжаттар жарияланды. Мұнымен қатар осы журналда соғыс замандастары мен олардың ұрпақтары естеліктер, хаттар т.с.с. соғыстың деректік негізін қалайтын құжаттар жарияланды [18]. Осы журнал беттерінде белгілі орыс публицисі, тарихшы әрі император семьясына туысқан болып келетін ұлы князь Николай Михайлович өзінің естеліктері мен тарихи еңбектерін жариялап [19] тұрды.

XX ғасыр басы 1812 жылғы Отан соғысы тарихнамасының дамуында жемісті кезең болды. Бұл ең алдымен соғыстың жүз жылдық мерейтойымен байланысты болды. Мерей той қарсаңындағы он жыл ішінде (1900-1912) 600 жаңа монографиялар мен ғылыми мақалалар шықты [17, 14-15]. Бұл басылымдар өзінің мазмұны мен ғылыми бағалығы жағынан бір-бірінен өзгеше. Бұл еңбектердің көбісінде тарихнамада және қоғам санасында тұрақтанып қалған ескі қағидалар қайта қайталанды. Наполеонның Ресейге жорығы жаңа тарихи көзқарастың қалыптасуына, зерттеудің деректік базасының кеңеюі мүмкіндік берді.

1812 жылы соғыс замандастарының хат түрінде жазылған шығармалары белгілі әскери дерекнамашы, ғылым академиясының академигі, генерал-лейтенант М.Ф.Дубровиннің дайындауымен жинақтарда жарияланды.

Отан соғысын зерттеуде аса маңызды құжаттар патша министрліктерінің концелярия архивтеріндегі құжаттардың жариялануы болды. Олардың негізгі мазмұны Александр І-дің бұйрықтарын мәлімдеді.

XX ғасыр басында 1812 жылғы соғысқа қатысты армияның оперативті құжаттары және қызмет хаттардың негізгі сақтау орны Санкт-Петербургтағы Әскери-оқу архиві (ВУА) мен Москвадағы бас штабтың жалпы архив бөлімінде (Лефортов мұрағаты) сақталды.

XX ғасыр басында Лефортов мұрағатындағы материалдарды талдау барысы жүз жыл бұрынғы қайғылы оқиғаларды жаңа деңгейде бағалауға мүмкіндік беретін көптеген деректер табылды. 1906

жылдан бастап архивте басшылық еткен И.П. Поликарпов Наполеонмен соғыс туралы жаңа деректерге ғылым қоғамының көңілін аударуға қолдан келгенінше тырысты. 1910 жылы қазанда Императорлық орыс әскери-тарихи қоғамының Москвадағы бөліміндегі отырыста ол бұрын соңды тарихи айналымға еңгізілмеген бағалы құжаттарды негізге ала отырып ғылыми баяндама жасады. Баяндаманың басты мазмұны Бородино шайқасының нәтижесіне жаңа баға беру болды. Поликарпов болайын деп отырған юбелей орыс жеңісі мерекесі болуы мүмкін емес, әділдік бойынша ол “должен быть празднованием тризны”, поскольку “русское войско не победило, а было побеждено” [20].

Автордың мұндай мәлімдемесі жиналыста отырған әскери-тарихшылар үшін жарылған бомбадай болды. Поликарпов әскери-тарихшылар тарапынан айыптаулар мен сын-пікірге ұшырады.

Алайда И.П. Поликарповтың көзқарасын академиялық профессураның біраз бөлігі қолдады. Мерейтойлық 1912 жылы Поликарпов бір мақаласында тарихшылар 1812 жылғы соғыстың тарихына қатысты. Лефортов архивіндегі материалдарды жариялау түгіл оларды жан-жақты зерттелуіне қызығушылық танытпай отырғанын өкінішпен жазды.

Поликарповтың мұндай тұжырым жасауының негізі болды. XIX ғасыр тарихнамасында Наполеон дәуіріндегі Ресей-Франция қатынастары мен 1812 жылғы соғысты жазуда мемлекеттік идеология тұрды. Бұл идеология бойынша Ресейдің 1812 жылғы соғыстағы жетістіктері мен жеңістері император Александр I-нің еңбектерімен байланыстырып, ал 1812 жылғы соғыстың Ресей пайдасы үшін шешілуінде басты роль атқарған М.Б. Барклай де Толли, М.И. Кутузов, Багратион және т.б. қолбасшылардың рольдері төмен бағаланды [21, 5].

Ресейде кеңес үкіметінің орнауы қоғамның әлеуметтік-саяси өмірінде күрт өзгерістер орын алды, бұл ең алдымен марксистік идеология бойынша қоғамның тарихы мен өміріне класстық тұрғыдан қарау. Алайда тарихқа мұндай тұрғыдан қарау тарихнамада бірден орнығып кеткен жоқ. Кеңес тарихнамасының қалыптасуына өзіндік роль атқарған М.Н.Покровский 1812 жылғы соғысты Отан соғысы деп санамады. Покровский 1812 жылғы соғыс тарихына жаңа концепция енгізді. Ол 1812 жылғы соғыстың басталуына Ресейдің өзі жауапты екендігін, 1810 жылы желтоқсанда Ресей Францияға қарсы

соғысқа дайындалғанын келтіре отырып, Ресейдің өзін агрессор мемлекет етіп көрсетті [22, 44-46].

Алайда Покровскийдің он екінші жылғы соғыс тарихына жаңа тұжырымдама жасауы кеңес үкіметі тарапынан қарсы қабылданды. Осы мәселеге арнайы коммунистік партия мен кеңес үкіметі М.Н.Покровскийдің қателігі туралы қаулыны шығарды [1, 6-7].

1930 жылы ішкі партиялық күрес нәтижесінде Сталиндік жеңістің орнығуымен ерекшеленеді. Жеке бастың соғысқа дейінгі кеңес тарих ғылымы мен 1812 жылғы Отан соғысы тақырыбына үлкен ықпал болды. Жалпы тарихнама 1930 жылдың екінші жартысында И.В. Сталин пікірі мен ескертулерінің ықпалымен жаңа концепциялардың қалыптасу кезеңін бастан кешіріп жатты [23, 97].

Осындай қалыптасқан жағдайда М.Н. Покровскийдің концепциясы қайта қаралып тарихшы И.М. Дружинин, Е.В. Тарле тарапынан жан-жақты сынға ұшырап жоққа шығарылды. Кеңес тарихнамасында 1812 жылы соғыс Францияның бейбітшіл Ресейге жасаған агрессиялық соғысы болды деген тұжырымдар тез қалыптасты.

1930 жылдар аяғында сталиндік пікірден басқа көзқарастың болуы мүмкін емес еді. Е.В. Тарленің белгілі “Наполеон” еңбегі қатарынан “Правда” және “Известия” газетінің беттерінде қатаң сын-пікірге ұшырады. Мақала авторлары кітапты контрреволюциялық жариялым деп жала тақты. Бұл ақыр соңында Сталиннің іске араласуымен аяқталды. Кейінгі жылдары Е.В. Тарле еңбектерінің жазылуына Сталин тікелей ықпал жасады [24, 91-111].

1936 жылы шыққан “Наполеон” [25] еңбегі оны Ресей мен шетелде танымал тарихшы етті. Тарле көлемді түрде Наполеон тұлғасының тарихын, Наполеон соғыстары дәуіріндегі халықаралық қатынастар және 1812 жылғы Отан соғысы қарсаңындағы дипломатиялық сайыстар мен соғысқа дайындық пен соғыс барысын зерттеді [26]. Сонымен қатар кеңес тарихнамасында алғашқы болып Наполеон дәуіріндегі экономикалық қатынастар мен континенталдық блокада [27] мәселесіне ерекше көңіл аударды.

Ұлы Отан соғысы Е.В. Тарле еңбектеріне де өз әсерін тигізді. 1941-1950 жж. оның еңбектері ғылыми емес пропагандалық сипатта жазылды. Оның еңбектерінде Наполеон бейнесі агрессор Гитлермен салыстырылды. Бұл, әрине, сол заманда барлық тарихшыларға тән құбылыс болды.

Кеңес тарихнамасына қортынды жасайтын болсақ, бұл дәуірде 1812 жылғы Отан соғысы және сонымен байланысты тарихи оқиғалар тақырыбы күрделі кезеңнен өтті. Кеңес тарихнамасының қалыптасу барысында революцияға дейінгі жазылған еңбектерден, деректер мен құжаттар негізінде қалыптасқан концепциялардан түбегейлі бас тарту, ал 30-40 жылдарда кеңес идеологиясының талабына сай. 1812 жыл соғысы тарихына жаңа концепциялар енгізуін тарих ғылымы бастан кешірді. Кеңес дәуірінде 1812 жылғы соғысты зерттеумен негізінен әскери тарихшылар айналысты. Олардың еңбектерінде соғыс мазмұнын өзгерту, соғыс қарсаңындағы екі ел арасындағы қатынастар, соғыс барысындағы маневрлер, компанияның стратегиялық мазмұны, екі жақтың жоспары мен мақсаты т.с.с. бұрмаланған, ал кейде тіптен жалған түрінде көрсетілді. Ал соғыс тарихына жаңа объективті баға беруге қадам жасаған тарихшылар мен олардың еңбектері жан-жақты қыспаққа ұшырады. Тарихқа жасалған мұндай қиянат 80 жылдар аяғына дейін сақталып келді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Тарле Е.В. Сочинение в двенадцати томах. – М., 1959. Том. VII. – 401 с.
- 2 Мережковский Д.С. Наполеон. – Нальчик, 1992. – 223 с.
- 3 Шедивы Я. Меттерних против Наполеона. – М., 1991.
- 4 Троицкий Н.А. Александр I и Наполеон I. – М., 1994. – 500 с.
- 5 Стендаль. Собр. Соч. в пятнадцати томах, т.11. – М., 1959. - 5 б.; Тарле Е.В. Көрсетілген еңбегінде. - 415 б.
- 6 Стендаль. Жизнь Наполеона. Собр. соч. в пятнадцати томах. Т.11. – М., 1959. – 560 с.
- 7 Наполеон. Избранные произведения. – М., 1956. – 489 с.
- 8 Талейран Ш.М. Мемуары. – М., 1959. – 483 с.
- 9 Шедивы Я. Меттерних против Наполеона. – М., 1991. – 300 с.
10. Переписка императрицы Марии Федоровны с Александром I/ Сост. Н.К. Шкильдер //Русская старина. – 1889. – №4; Талейран и император Александр. //Русская старина. – 1893. – №12
- 11 Кутузов М.И. Письма, записки. – М., 1989. – 470 с.
- 12 Давыдов Д.В. Военные записки. – М., 1940. – 340 с.
- 13 Багратион генерал Багратион. Сб. документов и материалов. – Л., 1945. – 345 с.
- 14 Записки генерала Ермолова, в Отечественной войне 1812 года// Русская старина. – 1912. – №6-9.

- 15 Глинка Ф.Н. Письма русского офицера. – М., 1985. – 368 с.
- 16 Чарторижский А. Мемуары. – М., 1998. – 290 с.
- 17 Шеин И.А. Издание и описание документов Военно-учебного и Лефортовского архивов накануне столетнего юбилея Отечественной войны 1812 г. //Отечественные Архивы. – 2002. – №1. – С. 14-29.
- 18 Дневники стат-секретаря Г.И.Виламова. //Русская старина. – 1912. №1–9; Борклой-де-Толли и Отечественная война 1812 года. //Русская старина – №9; Русская жизнь в начале XIX в.; //Русская старина – 1902. – №7-9; Записки и воспоминания графа Ф.В.Ростопчина //Русская старина. – 1889. – №10; К истории Отечественной войны 1812 года //Русская старина – 1912. – №1
- 19 Великий князь Николай Михайлович. Император Александр I (Опыт исторического исследования) //Русская старина. – 1912. – №11.
- 20 Поликарпов Н.П. К истории Отечественной войны 1812 года: забытые и неописанные военной историей сражения Отечественной войне 1812 года. М., 1911. Вып. 1-3; Осы жөнінде Шеин И.А. Издание и описание...//Отечественные архивы. – 2002. – №1. – С.23-24
- 21 Абалихан Б.С., Дунаевский В.А. 1812 год на перекрестках мнений советских историков, 1917-1987. – М.: Наука, 1990. – 378 с.
22. Покровский М.Н. Дипломатия и войны царской России в XIX столетии. – М., 1923. – 466 с.
23. Шеин И.А. Сталин и Отечественная война 1812 года: опыт изучения советской историографии 1930-1950–х годов. //Отечественная история. – 2001. – №6. – С.95-97.
- 24 Шеин И.А. Академик Е.В.Тарле и власть //Исторический архив. – 2001. – №3. – С. 91-111.
- 25 Тарле Е.В. Наполеон. – М., 1992. – 415 с.
- 26 Тарле Е.В. Нашествие Наполеона на Россию 1812 год. – М., 1938; Тарле Е.В. Сочинения в двенадцати томах. – М., 1958; Тарле Е.В. Из мемуаров Талейрана. – М., 1993.
- 27 Тарле Е.В. Континентальная блокада /Исследования по истории промышленности и внешней торговли Франции в эпоху Наполеона. – М., 1913; соныкі Сочинения в двенадцати томах. – М., 1958. Т.III.